

**Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының 6D011100-Информатика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент**

**Туенбаева Қалима Төлеубаевнаның**

## **ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы** Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған. Бұл бағдарламада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мұдделер туралы өзекті мәселе көтерілген. Жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгірткен, бұл жаңғырудың маңыздылығы: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сініре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлттымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Олай болса, әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру арқылы, әл-Фараби мұрасын жаңғырту, әл-Фарабидің математикалық есептерін шығаруда ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Осы түрғыдан И.Т.Сәлғожаның философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациялық жұмысы теориялық зерттеуімен және практикалық маңыздылығымен өзекті тақырыптардың бірі деп айтуда болады.

**2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері**

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде И.Т. Сәлғожа келесі жаңа, әрі дәлелді ғылыми нәтижелер алған:

- сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру ғылыми негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігі көрсетілген;
- сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттары анықталған;

- сыныптан тыс жұмыстарда Әл-Фарабидің математикалық мұралары бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы айқындалған;
- сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құралдары анықталып, оның әдістемесі жасалған.

**3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

Алынған нәтижелердің негіздемесі мен шынайылық дәрежесі қарастырылған мәселенің терең талдануына, ғылыми-теориялық негізделуіне, зерттеудің міндеттері мен логикасына, педагогикалық эксперименттің өткізуіне байланысты жұмыстың әдістемесімен және алынған нәтижелерінің ақиқаттылығымен қамтамасыз етілген.

**4. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жақалық дәрежесі**

*Бірінші нәтижесе* жаңа, себебі, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру ғылыми негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігі алғаш рет көрсетілген.

*Екінші нәтижесе* де жаңа, өйткені сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттары бірінші рет анықталған.

*Үшінші нәтижесе* жақалығы, ол сыныптан тыс жұмыстарда Әл-Фарабидің математикалық мұралары бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың мазмұны мен құрылымының алғаш рет айқындалғаны.

*Төртінші нәтижесе* де жаңа, өйткені алғаш рет сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құралдары анықталып, оның әдістемесінің ұсынылғаны.

### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау**

И.Т. Сәлгожаның «Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясында қол жеткізген нәтижелері ішкі бірлікпен, логикалық және алынған нәтижелердің бір-бірінің байланыстылығымен сипатталады. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми түрғыдан дәлелді келтірілген.

**6. Іздешушінің алған нәтижелерінің тиесті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы**

Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың теориялық маңыздылығы ретінде сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру ғылыми түрде негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігінің көрсетілуі, сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың тиімді шарттарының анықталуы, сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда әл-

Фарабидің математикалық мұралары бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастырудың мазмұны мен күрылымы айқындалғандығын айтуда болады.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы сыйыптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құралдарының анықталып, оның әдістемесінің жасалғандығы.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен негізгі тұжырымдары барлығы 17 басылымда, атап айтқанда халықаралық конференцияларда – 8, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған еліміздің ғылыми басылымдарында жарияланған – 6, шетелдік ғылыми журналда – 1, сонымен қатар, Scopus базасына кіретін шетелдік ғылыми журналда – 1 ғылыми мақала және авторлық бірлестікте бір әдістемелік құралы жарық көрген.

## **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант зерттеу жұмысында белгіленген мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыс өзекті, теориялық тұрғыда толық негізделгендігімен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер орын алған:

- автордың жұмысында әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты басқа пәндермен ұштастыру әдістемесі толығырақ көрсетілмеген; диссертацияның мәтінінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Алайда, жоғарыда аталған кемшіліктер зерттеу жұмысының нәтижелерін теріске шығармайды.

## **9. Диссертацияның сәйкес мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру Ережелерінің қойылатын талаптарына сәйкестігі**

Сәлғожа Индира Тойшыбекқызының «Сыйыптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру» бойынша дайындалған диссертация ҚР БжФМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторы Сәлғожа Индира Тойшыбекқызы 6D011100 – Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент,  
әл-Фараби атындағы Қазақ Улттық Университетінің  
әл-Фараби атындағы кітапхананың директоры,  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент**

Начальник управления подготовки и кадров  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова



**К.Т. Туенбаева**